



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

5. Board of audit and inspection South Korea  
<https://www.bai.go.kr/proactive/ebook/baiengbook/BAI.vol1/content/index.html>

6. Government of the Netherlands  
<https://www.government.nl/ministries/ministry-of-finance/services-and-institutions>

## **«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ АУДИТІ**

***Қыдырбек А.Е.***

«Есеп және аудит» БББ 4 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [aiidakydyrbek@gmail.com](mailto:aiidakydyrbek@gmail.com)

**Ғылыми жетекші: Бекболсынова Алма Сартаевна**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға-оқытушы, э.ғ.м.

**Түйін сөздер:** қаржылық есептілік, динамика, талдау, аналитикалық көрсеткіштер, ақша қаражаттары, ауытқу, өсіңкілік, акционерлік компания, деректер, талшықты-оптикалық сым, сандық, банк, прогресс, депозит

**Аннотация:** Зерттеу жұмысының мақсаты «Қазақтелеком» АҚ-да бар ақша қаражаттары мен олардың баламалары туралы ақпаратты ашу болып табылады. Зерттеу жұмыста ақша қаражаттарының құрамына және соңғы 3 жылдағы деректердің өзгеру динамикасына көп көңіл бөлінеді. Өзгерісті сандық тұрғыда бағалау үшін аналитикалық көрсеткіштер – ауытқу және өсіңкілік көрсеткіштері пайдаланылды. Салыстыру мақсатында әр жылдағы деректерді пайдаланып графикалық түрде бейнелеу пайдаланылды және әр кестеден соң талдау жүргізілді.

**Ключевые слова:** финансовая отчетность, динамика, анализ, аналитические показатели, денежные средства, отклонение, темп роста, акционерное общество, данные, оптоволоконный провод, цифровой, банк, прогресс, депозит

**Аннотация:** Целью исследования является раскрытие информации о денежных средствах и их эквивалентах, имеющихся в АО "Казахтелеком". В работе большое внимание уделяется составу денежных средств и динамике изменения данных за последние 3 года. Для количественной оценки изменений использовались аналитические показатели – показатели отклонений и прироста. Для целей сравнения использовалась графическая визуализация с использованием данных за каждый год и после каждой таблицы проводился анализ.

**Keywords:** financial statements, dynamics, analysis, analytical indicators, cash, fluctuations, growth, Joint Stock Company, data, fiber optic wire, digital, bank, progress, deposit

**Annotation:** The purpose of the research work is to disclose information about the available funds and their equivalents in «Kazakhtelecom» JSC. The article pays great attention to the composition of cash and the dynamics of data changes over the past 3 years. To quantify the change, analytical indicators were used-indicators of deviation and growth. For comparison purposes, a graphical representation of the data for each year was used and an analysis was carried out after each table.

«Қазақтелеком» АҚ – Қазақстанның ең ірі телекоммуникациялық компаниясы, ұлттық байланыс операторы мәртебесіне ие. Қазақстандағы тіркелген телефонияның ірі операторы, сондай-ақ ұлттық деректерді беру желісінің ірі операторларының бірі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ 1994 жылдың 17 маусымында құрылды. Жоғары жылдамдықты интернет, сандық теледидар, ұялы байланыс, жергілікті және халықаралық телефон байланысы және т. б. қызметтерін ұсынады.

2000 жылдардың ортасынан бастап «Қазақтелеком» АҚ еліміздің ең табысты кәсіпорындарының рейтингінде ондаған миллиард теңге жылдық айналымы бойынша жоғары лауазымдарға ие болды.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның ірі қалаларын деректерді берудің жоғары жылдамдығымен цифрлық ағынмен байланыстыратын көлік талшықты-оптикалық сақинасы болып табылатын Ұлттық ақпараттық магистральға ие. [1]

«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес Мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және телекоммуникация ұйымдарының (ҚР Байланыс министрлігіне тиесілі) мүлкін қызметтердің кең ауқымын ұсынатын ұлттық ауқымдағы құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына беру жолымен құрылды республиканың бүкіл аумағындағы байланыстар.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның ірі қалаларын деректерді берудің жоғары жылдамдығымен цифрлық ағынмен байланыстыратын көлік талшықты-оптикалық сақинасы болып табылатын Ұлттық ақпараттық магистральға ие. 2017 жылдың қорытындысы бойынша компания 1,7 млн абонентке қызмет көрсетеді. [2]

«Қазақтелеком» АҚ ақша қаражаттары мен баламаларының соңғы үш жылдағы көрсеткіштері осы кестеде бейнеленген. Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары 2019 жылы 67 миллиард теңгеден асқан, ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 16 миллион теңгеге өскен, ал 2021 жылы 97 миллиард теңгені көрсетті (1 кесте).

1 кесте. Ақша қаражаттары және олардың баламалары, (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Ауытқу 2020- 2019 жж.	Өсіңкілік %	Ауытқу 2021- 2020жж.	Өсіңкілік %

Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары	67.674	84.060	97.556	16.386	24,21	13.495	16,05
Өтеу мерзімі ашылған күннен бастап 90 күннен аз депозиттер	3.631	10.325	69.547	6.693	184,31	59.222	573,58
Кассадағы ақша қаражаты	34.830	46.002	14.090	11.172	32,08	-31.912	-69,37
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	- 19.332	-3.412	-8.242	15.920	-82,35	-4.830	141,56
Барлығы	71.321	94.428	167.11 0	23.107	32,40	72.681	76,97
Ескертпе: ақпарат «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған есептілігінен алынды							

Бұл сенімді тенденция 2020 жылы әлемдік пандемия әсерінен интернет және талшықты оптикалық сымдарға сұраныстың артуынан пайда болды. Кестедегі келесі көрсеткіш – кассадағы ақша қаражаттары болып табылады. Қаржылық есептілік компания кассасында 2019 жылы жуық шамамен 35 миллиард теңге болғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіш келесі жылы 32%-ға артып, 46 миллиард теңгені құрады да, ағымдағы жылдың соңына қарай кассадағы ақша азая бастады. Осылайша, 2021 жылы ақша 31 миллиард теңгеге азайып, небәрі 14 миллиард теңге ғана болды. Кестедегі мәлімет ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары көбейгенімен, кассадағы ақша көлемінің азайғандығын көрсетеді. Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв соңғы үш жылда теріс шамалы мәндерді көрсетті. Жалпы, ақша қаражаттары және олардың баламаларының барлық сомасы 2019 жылы 71 миллиард 300 миллион теңгені көрсетіп, күшті қарқынмен өсті де, 2021 жылы 167 миллиард теңгені құрады.

«Қазақтелеком» АҚ өз ақша қаражаттарын 17 II-ші деңгейлік банктерде сақтайды. Компанияның жылдан жылға ақша айналымы өскен сайын, таза табысы да қарқынды артып отырды. Бұл өз кезегінде банкте сақтайтын ақша көлемін да арттырды. Оның ішінде, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жуық шамамен 50 миллиард теңгемен көш бастап тұр. Бұл цифр келесі жылы 57%ға артып, 78 миллиард теңгені құрады. Ал 2021 жылы 4%-ға кеміп, банкте ақша қаражаттары 74 миллиард теңге болды. Екінші орында «Altyn Bank» акционерлік қоғамы жайғасты. Бірақ бұл банкке жылда жылға сұраныс азая берді де, период басындағы 5 миллиард ақша келесі 2жыл ішінде 772 миллион теңгеге күрт қысқарды. Дәл осындай жағдай «Ситибанк Қазақстан» АҚ мен де қайталанды.

Жыл басында 3 миллиард теңге болды, ал 2021 жылы бұл көрсеткіш небәрі 174 миллион теңгені құрады (2 кесте).


2 кесте. «Қазақтелеком» АҚ банк шоттарындағы ақша қаражаттары (млн, теңге)

№	Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Ауытқуы 2020- 2019 жж.	Өсіңкілі к %	Ауытқуы 2021- 2020жж.	Өсіңкіл ік %
1	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	49 982	78 477	74 754	28 494	57,01	-3 722	-4,74
2	"АТФ Банк" АҚ	11 794	26		-11 794	-100	-26	-100
3	"Altyn Bank" АҚ ("Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕБ)	4 979	1 299	772	-3 679	-73,89	-527	-40,61
4	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	3 258	2 887	174	-371	-11,4	-2 712	-93,96
5	"Каспи Банк" АҚ	515	145	65	-370	-71,84	-79	-54,75
6	Credit Suisse (Schweiz) AG	465	1 056	1 838	590	126,81	781	73,98
7	ПАО «Сбербанк России»	169	181	188	12	7,45	7	3,89
8	"Сбербанк" АҚ ЕБ	97	7	44	-89	-91,85	36	457,42
9	"Форте Банк" АҚ	21	70		-21	-99,68	-70	-100
10	"Қазақстандағы Қытай Банкі" ЕБ АҚ	430	393	465	-37	-8,6	72	18,32
11	"Банк ЦентрКредит" АҚ	264	302	51	38	14,39	50	16817,55
12	"First Heartland Jýsan Bank" АҚ	31	291	19 657	260	838,71	19 657	6755071,1
13	"Альфа-Банк" ЕБ " АҚ	31	85	64	54	174,19	-21	-24,71

14	Барлығы	71 285 310	84 057 399	97 548 041	76 770 518	1053,53	13 490 863	16,05
Ескертпе: ақпарат «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған есептілігінен алынды								

«Қазақтелеком» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚдағы депозитіндегі ақша сомасы 2019 жылы 376 мың ғана теңгені құраса, бұл көрсеткіш 2021 жылы 34 миллион теңгені көрсетті. Компанияның екінші сенімді серіктес банкі – «Altyn Bank» АҚдағы депозиттегі ақша 3 миллион теңгеден басталып, 2 жыл ішінде 20 миллион теңгеге өсті. Соңғы жылдан бастап, компания «Сбербанк» АҚ мен «First Heartland Jusan Bank» АҚ сұранысты арттырды және жыл қорытындысы бойынша бұл банктерде компанияның жуық шамамен 15 миллион теңгесі жатыр (1 сурет).

1 сурет. «Қазақтелеком» АҚ депозиттік шоттарындағы қалдық сомасы (мың, теңге)



4 Кестедегі мәлімет «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бойынша ауытқудың тек оң шамаларын көрсетеді, өйткені компания жылдан жылға бұл банктегі депозитіндегі ақшаны көбейтіп отырған. Мысалы, 2020 жылғы өсіңкілік 310%-ды құраса, бұл көрсеткіш 2021 жылы 2152%-ға артқан. Дәл осындай прогресс «Altyn Bank» АҚда да байқалады. Тек «Ситибанк Қазақстан» банкінде ғана регресс бар, депозиттегі ақша қаражаттары жыл соңында азайды.

4 кесте. «Қазақтелеком» АҚ депозиттік шоттарындағы қалдық сомасының ауытқуы (млн, теңге)

	Ауытқуы 2020-2019 жж	Өсіңкілік, %	Ауытқуы 2021-2020жж.	Өсіңкілік, %
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 166	310,36	33 209	2152,31

"Altyn Bank" АҚ ("Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕБ)	5 664	181,74	11 218	127,76
"Ситибанк Қазақстан" АҚ	-138	-99,53	382	58,05
Барлығы	6 693	184,31	59 222	573,58
Ескертпе: ақпарат «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған есептілігінен алынды				

«Қазақтелеком» АҚ шетелдік ақшалай операцияларды негізгі үш валютада жүргізеді. Кестеде осы валюталардың үш жылғы өзгеріс динамикасы бейнеленген. Шоғырландыру кезінде шетелдік бөлімшелердің активтері мен міндеттемелері есепті күні қолданылып жүрген бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, ал мұндай бөлімшелердің жиынтық табысы туралы шоғырландырылған есептің баптары мәмілелер жасалған кезде қолданылып жүрген бағам бойынша қайта есептеледі. Курстық айырмашылық мұндай қайта есептеу басқа жиынтық табыстың құрамында танылады. Келесі кестеде теңгеге қатысты шетел валюталарының бағамдары көрсетілген:

5 кесте. «Қазақтелеком» АҚ операциялар жүргізетін шетел валюталары

	Валюта	2019	2020	2021
1	АҚШ доллары	382,59	420,91	431,8
2	Еуро	429	516,79	489,1
3	Ресей рублі	6,16	5,62	5,76
Ескертпе: ақпарат «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған есептілігінен алынды				

Осы кестедегі ақпараттарды негізге ала отырып, ғылыми жұмыстың авторы төмендегідей кеңестерді ұсынады:

Біріншіден, кестедегі ақпаратқа қарап АҚШ валютасының теңгеге қатысты бағамы күрт өскенін көруге болады. Осылайша, доллардағы депозиттер тиімдірек болатыны анықталды. Ал егер бір жыл ішінде доллар тұрақты болса, онда ең жоғары табыс теңгемен депозиттер келеді.

Екіншіден, кәсіпорынның ақша ағындарын оңтайландыру негізінде оның ерекшелігін ескере отырып, кәсіпорын қаражатын ұтымды пайдалану жоспарларының жүйесін құрып, олардың орындалуын бақылаудың тиісті жүйесі енгізу. Өйткені, кәсіпорынның ақша ағындарын оңтайландырудың түпкі мақсаты кәсіпорынның таза ақша ағынын барынша арттыру болып табылады, бұл оның өзін-өзі қаржыландыру деңгейін арттырады және сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелділікті азайтады.

Қорытындылай келе, «Қазақтелеком» АҚ ақша қаражаттары мен оның баламаларының соңғы үш жылда қарқынды өсуіне бүкіл әлемде орын алған 2019 жылғы эпидемиялық жағдай өз әсерін тигізді. Ол қоғамның барлық дерлік саласына жақсы және жаман әсерін тигізді. Қазақстан Республикасында ғана



емес, жалпы әлемде дәстүрлі білім беру уақытша тоқтап, онлайн білім беру пайда болды да, екі жыл ішінде әлемді және қоғам мен білім беру жүйесін өте қатты өзгертті. Соның нәтижесінде, жылдам ұялы байланыс телефондары, мобильді ғаламтор мен сандық электрондық құрылғыларға сұраныс 2 есе өсті. Бұл өз кезегінде компанияның айналымын өсірсе, айналым ақша қаражаттарын арттырды.

Сондай-ақ, 2020 жылы елімізде «Цифрлы Қазақстан» [3] ұлттық жобасының аясында «Қазақтелеком» АҚ «Транстелеком» АҚ- мен бірлесе отырып, ҚР шалғай ауылды елді-мекендеріне жоғары байланысты талшықты-оптикалық желілерді жасады. Соның негізінде ҚРда ұялы байланыспен қамтамасыз ету деңгейі 81%-ды құрап, бүкіл әлемде 45-інші орынға ие болды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақтелеком» АҚ ресми сайты <https://telecom.kz/ru/about/list>
2. Жалпыға ортақ көп тілді әмбебап интернет энциклопедиясы – Уикипедия <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%BE%D0%BC>
3. Республикалық газет – Егемен Қазақстан <https://egemen.kz/article/209957-2020-dgyldynh-sonhyna-deyin-880-auylda-kenh-dgolaqty-internet-dgelisi-goldgetimd>
4. «Қазақтелеком» АҚ 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі
5. «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі
6. «Қазақтелеком» АҚ 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі

### **АКТИВТЕР АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ» АҚ МЫСАЛЫНДА)**

*Мәмшетов С.Ж*

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [smstv030703@mail.ru](mailto:smstv030703@mail.ru)

**Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға-оқытушы, э.ғ.м.

Андатпа. Зерттеу жұмысында «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-АҚ) активтер аудитіне талдау жұмыстары жүргізілді. Ақпараттың негізі ретінде «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» АҚ-ның 2018-2020 жылдардың жеке қаржылық есептілігі алынды.